

**Қарасу ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын 2014 жылы ұсыну туралы**

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2014 жылғы 22 мамырдағы № 218 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 маусымда № 4811 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы", Заңы 18-бабының 8-тармағына сәйкес Қарасу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарасу ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2014 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2014 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын қатынастарға таратады.

*Кезектен тыс сессияның төрағасы*                      *А. Ыбраев*

*Қарасу аудандық мәслихатының хатшысы*        *С. Қазиев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Қарасу ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы:*

\_\_\_\_\_ *Е. Биркель*